

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 03 сәуір 2024 жыл

**Батуми мұнай терминалы Еуропа елдеріне жеткізу үшін қазақстандық қара мұнай өнімдерін айлақсыз тиеу әдісімен жөнелтуді қайта бастады**

2024 жылдың наурыз айында «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында өндірілген қара түсті мұнай өнімдерін 60 000 - 80 000 тонналық партиялармен Афрах танкерлеріне айлақсыз тиеу әдісімен жөнелтуді қайта бастады. Содан кейін жүк Еуропа елдеріне жіберіледі.

Қазақстаннан шыққан қара түсті мұнай өнімдерін тиеу жұмыстары ай сайын жүргізіледі деп жоспарлануда. Бұл жұмыстың қайта жандануы жүктерді тасымалдаудың транзиттік және көліктік бағыттарын әртараптандырумен байланысты.

2018 жылдың қазан айынан бастап үлкен көлемдегі мазут пен ВГО (вакуумды газойль) жөнелту іс жүзінде тоқтатылған еді. Қара түсті мұнай өнімдерін Афрах танкерлеріне үлкен көлемде тиеу «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ клиенттеріне тасымалдау шығындарын азайтуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде Батуми арқылы экспортқа шығарылатын қазақстандық жүктердің бағытын тартымды етеді және оларды ауыстырып тиеу көлемін арттырады. Афрах үлгідегі үлкен сыйымдылықтағы мұнай танкерлері шикі мұнай мен мұнай өнімдерін шексіз навигациялық аймақта тасымалдауға арналған. Танкердің ұзындығы – 250 метр, ені – 44 метр, дедвейті – 114 мың тонна.

**Анықтама үшін:**

«ҚазТрансОйл» АҚ 2017 жылғы 22 тамыздан бастап «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ-ның Грузиядағы өндірістік активтерді тікелей иелену және басқару жүзеге асырылатын 100% қатысу үлесіне ие. «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ мемлекетке (Грузия) тиесілі «Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ның 100% үлесін басқаруға айрықша құқыққа ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар департаменті**